

Осакаров ауданы әкімінің 2020 жылғы 4 ақпандағы № 01 "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" шешімінің күшін жою туралы

Қарағанды облысы Осакаров ауданының әкімінің 2020 жылғы 28 мамырдағы № 03 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 1 маусымда № 5851 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы", 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңдарына сәйкес Осакаров ауданының әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Осакаров ауданы әкімінің 2020 жылғы 4 ақпандағы № 01 "Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5698 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне электрондық түрде 2020 жылы 5 ақпанда жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Осакаров ауданының әкімі

Н. Кобжанов